

Климат түзуші факторлар

Географиялық
ендік

күн
радиациясы

Жамылғы жағдай

Жер бедері

Жамылғы
жағдайының
түрі

Ауа
массаларының
циркуляциясы

Ауа массалары,
атмосфералық
фронттар, Циклондар
және антициклондар.
Желдер

Атмосфералық қысым.

Жердің бетін ауа қабығы **атмосфера** қоршап тұрады. Грекше “**атмос**” –бу,ауа және “**сфера**” – шар деген мағынаны білдіреді.

Атмосфералық қысым дегеніміз не?

Атмосфераның Жер бетіне және ондағы барлық денелерге түсіретін қысымы **атмосфералық қысым** деп аталады.


Атмосфералық қысымның бірлігі

1 миллиметр сынап бағаны. [1 мм. сын.бағ.]

1 мм.сын. бағ.=133,3 Па.


Атмосфералық қысымды өлшеуге арналған құрал барометр деп аталады.

Барометр-анероидтың құрылысы



1-дөңгелек жұқа металл қорапша, 2-серіппе, 3-беріліс тетігі, 4-көрсеткіш, 5-шкала

XVII- ғасырда итальян ғалымы Э.Торричеллидің жасаған тәжірибесінен, атмосфералық қысымның ауа-райына байланысты өзгертінін байқаған.



Қысым айырмашылығына байланысты атмосфера құрамындағы ауа үнемі қозғалыста болады. Олар температуралық көрсеткішке, ылғалдану дәрежесіне, қалыптасу ауданына сәйкес біртектес ауа ағынына-

ауа массаларына жіктеледі.

ҚАЛЫПТАСУ ОРНЫНА БАЙЛАНЫСТЫ
ЭКВАТОРДАН ПОЛЮСТЕРГЕ ДЕЙІНГІ АРАЛЫҚТА
ӘРБІР ЖАРТЫШАР ҮШІН АУА МАССАЛАРЫНЫҢ 4

ТИПІ АЖЫРАТЫЛАДЫ:

экваторлық

тропиктік

Қоңыржай н\е полярлық

арктикалық

Ауа массаларының циркуляциясы



Атмосфералық фронттар,
Циклондар және антициклондар.
Желдер

Атмосфералық фронт—қасиеттері әр түрлі, екі ауа массаларын бөліп тұрған белдеу

Суық фронт	Жылы фронт
<ol style="list-style-type: none">1. Суық ауаның, жылы ауа алып жатқан аймаққа кіргенде пайда болады.2. Қозғалғанда сына тәрізді кіріп, жылы ауаны үстіге итеріп шығарады.3. Ауа райы жылдам өзгереді. Нөсер жауын, найзағай, дауылды жел әкеледі.4. Фронт артынан ауа райы суытады.	<ol style="list-style-type: none">1. Жылы ауаның, суық ауа алып жатқан аймаққа кіргенде пайда болады.2. Бірқалыпты қозғалып, суық ауаны біртіндеп итеріп шығарады.3. Ауа райы баяу өзгереді. Ақ жауын әкеледі.4. Фронт артынан ауа райы баяу жылынады.

Жел-жер бетінде ауаның көлбеу бағытта атмосфералық қысымдардың біркелкі таралмауынан пайда болатын ауа массасының қозғалулары.

Желдің жылдамдығы м\с **Бофорт шкаласымен** өлшенеді. Желдің бағыты **Румба** бойынша анықталады:
солтүстік, солт-шығыс т.б.

